

Алкоголь өнімімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасаудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Мемлекеттік Кіріс Министрлігінің 1999 жылғы 9 тамыз N 204 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 20 тамызда тіркелді. Тіркеу N 872. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 24 қыркүйектегі N Кап-1/6719 хатымен.

"Этиль спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 429-1 Z990429_ Заңын орындау үшін бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Алкоголь өнімімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасаудың тәртібі бекітілсін.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р
М е м л е к е т т і к к і р і с
министрінің бұйрығымен бекітілген 1999 жылғы 9 тамыз N 204

Алкоголь өнімімен (сырадан басқа)
бөлшек сауда жасаудың тәртібі

1. Жалпы Ережелер

1. Осы Ереже "Этиль спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген және алкоголь өнімін бөлшек сатуды тәртіпке келтіруге бағытталған.

2. Алкоголь өнімімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасауды жүзеге асыру бөлшек сауда және қоғамдық тамақтандыру мекемелеріне беріл етін жеке меншік түріне байланыссыз қалалық, аудандық әкім аппараттары бекіткен тәртіппен алкоголь өнімімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасауға берген лицензиясы болғанда ғана босатылады.

2. Негізгі ұғымдар

3. Алкоголь өнімімен (сырадан басқа) бөлшек сауда жасаудың осы Ережесінде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) алкоголь өнімі - тамақтық өсімдік шикізатынан өндірілген этиль спиртінің 1,5 пайызынан астам көлемдік үлесіндегі тамақ өнімі;

2) көтерме сату - өкілетті орган бекіткен құжаттарға сәйкес, қойма жайларынан шектеусіз көлемдерде алкоголь өнімін одан ары сату үшін босату;

3) бөлшек сауда - алкоголь өнімін оны фискальдық жады бар бақылау-кассалық аппараты болуы кезінде стационарлық жайлардың жабдықталған сауда алаңдарында, сондай-ақ стационарлық жайлардың жанындағы жазғы алаңдарында тұтыну және коммерциялық емес пайдалану үшін с а т у ;

4) сақтау - алкоголь өнімдерін қойма жайларында орналастыру (жинақтау);

5) стационарлық үй-жайлар - су жабдығымен, энергия және канализациямен жабдықталған, іргетасы және оларды ұстап тұрған құрастырмалы залал келтірусіз орнынан қозғау мүмкін емес іргелі құрылыс, ғимарат не оның бір б ө л і г і ;

6) бөлшек сауданы ұйымдастыру - алкоголь өнімінің бөлшек саудасымен айналысатын жеке және заңды тұлғалар.

3. Алкоголь өнімдерін сату

4. Алкоголь өнімін бөлшек сату белгіленген тәртіппен берілген лицензиясы болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

5. Алкоголь өнімін сату тек лицензияда көрсетілген орында ғана сатылады.

6. Сатып алушыға лицензияның нөмірі осы лицензияны берген орган туралы (сату залына ілу жолымен немесе басқа тәсілмен), сондай-ақ меншік иесі немесе ұйым басшысы орнатқан өндірістің жұмыс тәртібі туралы ақпарат берілуі керек.

7. Жекеменшік формасына байланыссыз, бөлшек сауданы ұйымдастырушылар және қоғамдық тамақтандыру орындары сапасыз алкоголь өнімдерін сатқаны үшін белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

8. Сапасына міндетті талап қойылған стандартқа сәйкес, техникалық жағдайлары, дәрігерлік-биологиялық талаптар мен гигиеналық қорытындысы (сертификат) бар алкоголь өнімдері сатылуға жатады. Осы өнімдерді, соның ішінде шет елдік өнімдерді сатушыда, сертификатты беруші орган мен оның қызмет ету мерзімі, есептегі және тіркелген нөмірі көрсетілген, әрбір өнімнің атауына сәйкестік сертификаты жөнінде мәліметтер мазмұндалған меншік иесінің қолы және мөрімен расталған көлік жөнелтпе құжаты болуы керек.

9. Алкоголь өнімдерін бөлшектеп сататын ұйымның міндеті:

1) фискальды жады бар бақылау кассалық аппараттарын пайдалана отырып, алкоголь өнімдерін сатуды жүзеге асыруға;

2) құқықтық нормативтік актілерді басшылыққа ала отырып, адам өміріне қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету және тұтынушылардың денсаулығын қорғау мақсатында алкоголь өнімімен бөлшек сауда жасаумен айналысатын кәсіпорындардың әрекетін ретке келтіру (орам ала алкоголь өнімдерін қабылдау және сақтауға тазалық нормасы мен тәртібі, ГОСТ - белгілеген талаптарға сәйкестігі, өрт қауіпсіздігінің нормасы мен тәртібі, қоршаған ортаны қорғау, ж ә н е с . с .) ;

3) алғашқы бухгалтерлік есепті жүргізу және алкоголь өнімінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган формада көлік жөнелтпе құжаттарын ресімдеуге;

4) сақтау кезінде алкоголь өнімдерінің сапасын жоғалтпауына жол бермейтін өнімнің тиісті түріне арналған нормативті құжаттар талаптарына сәйкес сақтау ш а р т т а р ы н с а қ т а у ;

10. Алкоголь өнімін бөлшек сатуға мына жағдайда тиым салынады:

1) пайдалану мерзімі өткен, сондай-ақ пайдалану мерзімі көрсетілмеген а л к о г о л ь ө н і м д е р і ;

2) этикеткасы жоқ, лас (іші немесе сырты), шытынаған белгісі бар (аузы сынық, жарықшағы бар), тығыны бүлінген, қалдығы, бөгде қоспасы бар, жалпы лайланған шөлмектер (коллекциялық шараптардан басқа);

3) шығу тегі белгісіз;

4) акциздік алым маркалары жоқ (сырадан басқа);

5) он сегіз жасқа толмағандарға;

6) балалар, оқу мен емдеу - сауықтыру мекемелері және оған жақын жататын радиусы 100 метрден кем емес аумақтарда;

7) базарларда, көтерме сауда базарына, дүңгіршіктерде, шатырларда, ларектерде, қолда, лотоктарда, автомашиналарда, сонымен бірге басқа да белгіленбеген о р ы н д а р д а ;

8) қазіргі стандартқа сәйкес, мемлекеттік және орыс тіліндегі таңбалары жоқ б о л с а ;

9) акциздік алым маркалары жоқ болса;

11. Алкоголь өнімін сатуда сатушы үлгі ретінде сатылуға қойылған тауарға өнімнің атауы, шөлмектің бағасы мен өлшенген құны енгізілген баға көрсеткішті іледі. Шарап пен сыраны құйып сатқанда баға көрсеткішке атауы және 1 литрлік, 0,1 литрлік (шарапқа қатысты) құны көрсетіледі.

12. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында алкоголь өнімдері преysкуранттарында сусынның атауы, шөлмектің сиымдылығы, шөлмектегі бүкіл сиымдылықтың құны, сондай-ақ 100 не 50 грамдық (сырадан басқа) құны.

13. Сатушылардың, буфетшілердің, бармендердің және алкоголь өнімін құйып сатуды жүзеге асыратын басқа да адамдардың жұмыс орны талапқа сай сауда құрал жабдықтарымен, өлшеуіш инвентарьмен, ыдысаяқпен жабдықталған б о л у ы к е р е к .

14. Сатушы алкоголь өнімін сатуды жүргізгенде алушыға төлеген кассалық чекті міндетті түрде беруі керек.

15. Алкоголь өнімімен бөлшек сауда жасаушы мекемелер бөлшек сауда жасауға арналған сауда алаңдарында алкоголь өнімінің көтерме саудасын ж а с а у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

16. Алкоголь өнімімен бөлшек сауда жасаушы мекемелер алкоголь өнімін тек , сақтауға және көтерме сатуға лицензиясы бар мекемелерден сатып алуға міндетті. Алкоголь өнімін өндірушілер өздеріне жататын зауыттардан алынған алкоголь өнімін міндетті түрде арнаулы фирмалық магазиндерінде сатуы керек.

17. Бөлшек сауда жасаушы мекемелер алкоголь өнімін сақтауға және көтерме сатумен айналысатын мекемелерден алкоголь өнімін сақтауға және сатуға арналған сатушы-мекеменің бірінші басшысының қолымен және мөрмен расталған лицензияның көшірмесін міндетті түрде талап етуі қажет.

18. Алкоголь өнімімен бөлшек сауда жасаушы мекемелер алған өнімдерін тек қана магазиннің аймағында орналасқан қойма жайларында сақтауына болады.

4. Бақылау және осы Ережені сақтамағаны үшін жауапкершілік

19. Алкоголь өнімінің бөлшек саудасының осы Ережесін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарына сәйкес жауапкершілікке т а р т ы л а д ы .

20. Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарына сәйкес Осы Ережедегі талаптардың сақталуына бақылау жасауды өкілетті органдар, сонымен бірге белгіленген тәртіппен салық қызметіндегілер, ішкі істер, әкімшілік аппараты жү з е г е а с ы р а д ы .